



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 3 9 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2011 жылғы 22 қараша

*Монетаның ең үздік дизайнына арналған
конкурсты ұзарту және ақшалай жүлделерді
белгілеу туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне келіп түскен көптеген өтініштер бойынша Монетаның ең үздік дизайнына арналған конкурс **2011 жылғы 10 желтоқсанға дейін** ұзартылады.

Конкурс «Менің Қазақстаным» тақырыбында екі – «Халық монетасы» және «Балалар монетасы» номинациялары бойынша өткізілетінін естеріңізге саламыз.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеуге орай монетаның ең үздік дизайнына арналған конкурстың жүлде қорын белгілеу туралы» 2011 жылғы 18 қарашадағы № 226 қаулысына сәйкес «Халық монетасы» номинациясында Конкурстың жеңімпазына ақшалай жүлденің сомасы **750 000 (жеті жүз елу мың) теңге** және «Балалар монетасы» номинациясында – **500 000 (бес жүз мың) теңге** болады.

Конкурсқа ұсынылған монеталар дизайнерларының жобаларын құрамына белгілі қоғам және саясат қайраткерлері, жетекші қаржыгерлер, еліміздің шығармашылық зиялы қауымның өкілдері кіретін Конкурстық комиссия қарайтын болады.

«Халық монетасы» номинациясында Конкурстық комиссия оларды Интернет пайдаланушылары online-дауыс беру әдісімен одан әрі бағалау үшін 20 үздік жұмысты іріктейді. Неғұрлым көп дауыс санына ие болған дизайн жобасы Көрсермендер көзайымы сыйлығын алады.

Конкурстың қорытындылары шығару 2011 жылғы 15 желтоқсанға жоспарланып отыр.

Қатысуға арналған өтінімдер мен конкурстық жұмыстар қағаз тасымалдауышта (конвертке салынған), сол сияқты электрондық тасымалдауышта мына мекенжайға жіберіледі: 050040, Алматы қ., Көктем-3 ы/а, 21-үй, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаменті. Монетаның ең үздік дизайнына арналған конкурс туралы ереже және қатысуға арналған өтінім www.profinance.kz Интернет-ресурсында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Форумында орналастырылған.

*Толығырақ ақпаратты: +7 (727) 2 704 639, +7 (727) 2596 833 телефондары бойынша алуға
болады; e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz*